

КФФҚ-ын өңдеу, зақымданудан қорғау жолдары




Кітаптарды қалпына келтіру

- Кітаптарды қалпына келтіруге көмектесетін екі түрлі процесс бар - бұл жөндеу және қалпына келтіру. Кітапті жөндеуге беттерді түптеп блоктау және түбін ауыстыру немесе жабыстыру, жыртылған парақтары желімдеу (жапсыру) кіреді. Жөндеу кітапқа кішігірім жаңартуды береді. Егер басылым өте ескі болса және түртіп қалғаннан ыдыраса, онда ол қалпына келтіруді қажет етеді. Қайта қалпына келтіру - бұл процесс көп уақытты қажет етеді және ұзақ болады. Бұл құжаттың толық немесе жартылай қалпына келтірелуі. Маманның айтуынша, бір кітапты қалпына келтіру бір аптадан бір жарым жылға дейін созылады. Жұмыстың бір күнінде реставратор 8 парақты толығымен жөндейді. Айтпақшы, реставратордың жұмысы кітаптарда емес, парақтарда болып табылады.



до реставрации

после реставрации




Мұрағаттық құжаттарды өңдеу



- Қайта қалпына келтіруде бір немесе бірнеше кезеңдерден тұруы мүмкін: құжатты дезинфекциялау; парақтарын нөмірлеу; құжаттың тоқылуы және жиналуы (әдетте бүкіл кітапты бөлшектеу керек); құжатты тазалау (май дақтарын, балауызды, желім іздерін және т.б жою.); тұрақтандыру (тазартылған суда жуу, қышқылдықты бейтараптандыру және сілтілік резервті құру); қалпына келтірілген қағаз бен парақтардың жоғалған бөлшектерін толықтыру және т.б. Нәтижесінде, кейде кітабыпта жиналған, бөлінген, жыртылған, лас беттер, бастапқы пішінге ие болады.







Кітапхана тек өз қорындағы жұмыспен ғана айналысып қоймайды, сонымен қатар сирек кездесетін басылымдар мен бағалы немесе қарапайым, адамдарға қымбат кітаптарды жөндеуге реставратор маманның көмегіне жүгініп, сол маман жұмысын талап етеді.







Қолжазбаларды өңдеп, қайта қалпына келтіретін мамандар тапшы

- *Елімізде сирек кездесетін көне кітаптар мен қолжазбаларды сақтау қиын шаруаға айналып барады. Өйткені оларды өңдеп, қайта қалпына келтіретін маман жоқ. Алматыдағы Ұлттық кітапхана қызметкерлері осыны айтып дабыл қағуда.*
- **Көне қолжазбаларды сақтау** – еліміздің барлық кітапханаларының алдында тұрған ортақ мәселе. Мысалы, бір ғана Ұлттық кітапханада 6 миллионнан аса кітап пен қолжазбалар сақтаулы. Оның 30 мыңы – сирек кездесетін көне жәдігерлер. Әйткенмен қазір осы кітаптарды сақтайтын орын жоқ. Сондай-ақ оларды сақтау тәсілін де өзгерту қажет. Сондай-ақ мамандар еліміздің әр облысындағы кітаптар қорын бір жүйеге келтіру және оны оқырмандарға қолжетімді қылу үшін электронды нұсқаға көшіру кезек күттірмейтін мәселе екенін айтады. Ал бүлініп бара жатқан ескі кітаптарды өңдеу үшін олар Ресейден, Ұлыбританиядан немесе Мысырдан маман шақыртуға мәжбүр. Орынбасар Исахов, ҚР Ұлттық кітапханасының директоры: - *Бұл мәселенің бәрі кадр мәселесіне келіп тіреледі. Мысалы, осы кітапты немесе басқалай мұражайлардың қорында жатқан осындай жәдігерлерді жөндеу, ретке келтіру, қалпына келтіру, өңдеуге байланысты бізде мамандар жоқтың қасы.*